

«Балдырғандағы» бал күлкі...

Көрнекті педагог К.Ушинский «Кім жақсы оқыта білсе ол тәртіпті бағындыра алады» деген. Балабақша жасындағы балаларды мектепке даярлау барысында тәрбиеші сөздердің фонетикалық, грамматикалық, семантикалық жақтарынан қиындыққа ұшырамауын ойластырып, дыбыстың құрамы мен грамматикалық байланыстарына, семантикалық мағыналарына байланысты жаттығулар жүргізу қажет. Тәрбиеші әр сабағын көрнекілікпен, қызықты тартымды етіп өткізеді. Балабақша балалары үшін сабақ ойын негізінде құрылады. Мұндағы ойын баланың жалпы дамуын көздеп қана қоймай сонымен бірге сөйлеу, тілін дамыту мақсатын көздейді.

«Балдырған» балалар бақшасында тіл дамыту мақсатында: «Үй жа-

нуарлары мен жабайы жануарлар айырмашылығы туралы түсінік» деген тақырыпта ашық оқу іс-әрекеті өткізілді. Бұл іс-шараны тәрбиеші Тоғжан Дәулетбаева ұйымдастырды. Ол балаларды екі топқа бөлді. Яғни, «үй жануарлары», және «жабайы аңдар» тобы болып бөлінді.

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы аңдар атауы, олардың ерекшелігін білуге үйрету арқылы адамға пайдасы мен қауіптілігі жайлы әңгімеледі. Сонымен қатар үй жануарлары мен жабайы аңдар туралы тақпақтар айтылды. Ғажайып қоржын дидактикалық ойынын ұйымдастырды. Үй жануарлары не береді? Немен қоректенеді? Қайсысы ненің үйшігі? деген сұрақтарға жауап іздеді. Балалардың ойын үстінде ойлау қабілеті жетіліп,

бір-бірімен сөйлеседі, өз ойын достарына жеткізе түсіндіруге тырысады. Ал, ойнай айтылған сөз баланың есінде оңай сақталады. Баланың тілін дамыту үшін релді ойындарды жүргізу тиімді. Ал қозғалмалы ойындар баланың организмін жетілдіріп, достық сезімге тәрбиелейді және өмірге қызығушылығын арттырады. Нәтижесінде тәрбиеші Тоғжан апай: -Бүгінгі оқу іс әрекетіне жақсы қатысқандарың үшін мына бесжұлдызды сыйлаймын. Әр уақытта осындай тапқыр, ақылды, зерек болыңдар-деді. Сөйтіп, балақайларды үй жануарларына қамқорлық жасауға баулыды.

Айгүл ИМАДУЛЛАЕВА,
«Балдырған» балалар
бақшасының
тәрбиешісі.